

«Ақ орамал» - Елбасы бастамасы

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Вашингтон қаласында өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі IV саммитінде жариялаған «Әлем. XXI ғасыр» манифесін ілгерілету мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ақ орамал» республикалық акциясы Осакаров ауданында да бастау алды.

«Ақ орамал» ұғымы қазақ тарихында зор мәнге ие. Ақ - адалдық, пәктік, тазалықтың символы. Ананың ақ сүтін ақтауға деген талпынысы адамның өмірге деген адал, ақ көзқарасын қалыптастырады. Еліміздегі барлық ұлттар арасындағы бейбітшілік пен келісімді



сақтау - бұл «Ақ орамал» республикалық акциясының көздеген мақсаты болып табылады. «Ақ орамал» акциясы қазақстандықтарды этностық шығу тегіне, әлеуметтік, діни немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, бейбітшілік идеясы аясына шоғырландырады.

Қазақ халқында ақ орамалды қадір тұтудың жолдары жетерлік. Жаңа түскен келіннің басына, перзентханада жаңа босанған жас аналарға да ақ орамал байлаған.

Ауданымызда акцияны насихаттау барысында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Аудандық кітапханамызда акцияны насихаттау барысында қалың оқырманға арнайы тақырыптық сөре көрсетілді.

«Ақ орамал» республикалық акциясын өткізудің маңыздылығы осы Елбасымыздың игі бастамасын қолдап әрі қарай дамыту болашақтың еншісінде. Еліміз тыныштықта, бейбітшілікте, бірлікте өмір сүрсін.

Р.ҚҰРМАНОВА,

Орталық балалар кітапхасының қызметкері